

**А. С. Сәмиев, ҚР ІІМ Ақтөбе заң институтының 1-бағам тыңдаушысы  
Ғылыми жетекшісі: Д. Т. Төлеуов, ҚР ІІМ Ақтөбе заң институтының ТД  
кафедрасының оқытушысы**

## **ТІЛ ТҰҒЫРЫ — ҰЛТ ҒЫМЫРЫ**

Ұлттық тіл — ауызекі және жазбаша түрдегі ұлттық қарым-қатынас құралы. Қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі қазақ халқының ұлт болуымен тікелей байланысты. Оның тарихы туыстас түркі тілдерінің даму тарихымен тамырлас, бастаудың есте жоқ ескі замандардан алады.

Қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің ғасырлық дамуы барысында-рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Осы замандар бойына қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажеттігін өтеп отыруымен қатар рухани байлығы-ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келді.

Ендеше, қазақ тілі басқа түркі халықтарымен бірге бір негізден шығып, өсіп жетіледі, жеке ұлт, мемлекет тілі болып қалыптасты. Түркі тілдері көне дәуір аталатын заманға дейін де алтай, ғұн дәуірі сияқты кезендерді бастаған өткізді. Ол деректер халықтың жер-су атауларында, нағым-сенімдерінде, азыз-шежірелерінде кездеседі.

Ал жазба мәлімет, деректер түркі халықтарының 5-8 ғасырлардағы тас кітаптарында жатыр. Түркілер оларды «бітіг таш» деп атаған. «Бітіг» жазу дегенді білдіреді. Сонда бұл тастағы жазу деген сөз. Демек, ертедегі түркі халықтары өзінен тән алфавиттік жүйесі, емлесі бар жазуды 5-8 ғасырларда дүниеге әкелген. Тіл ғылымында бұл «Орхон-Енисей ескерткіштері» деп аталады. Өйткені бұлар Орхон және Енисей өзендері бойынан табылған. Талас, Іле өзендері анғарларынан табылғандары да бар. Олар: «Құлтегін», «Тонықек», «Білге қаған» т.б. ескерткіштер

Тіл дамуы туралы мәлімет беретін келесі кезең-орта ғасыр дәуірі (10-15 ғ.ғ) Бұл кезеңнен мәлімет беретін М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (1073-1074) Ж. Баласағұнның «Құдатғы білік» (1067-1070), Ахмет Иассаудың «Кодекс Куманикус» (1303) сияқты ұлы шығармалар дүниеге келіп, түркі мәдениетін әлемдік өреге көтерді<sup>1</sup>.

15 ғасырда алғашқы қазақ хандықтары пайда болды, қазақ тайпалары бірігіп, біртұтас халыққа айналды. Қазақ тілі халық тілі болды. Оның қалыптасуы 19 ғасырдың екінші жартысына дейін созылды.

Қазіргі қазақ тілі өзара ру-тайпа одақтарының бірігуіне орай, 15-17 ғасырларда қазақ хандығы құрылғы нәтижесінде осы мемлекеттің әрі біртұтас ұлттың тілі болу дәрежесіне жетті.

Ұлттың өмір сүруінің кепілі-ұлттық тіл. Ұлттық тіл-қазақ ұлттының рухани, мәдени байлығын ұрпактан-ұрпакқа жеткізуші қасиетті қурал. Қазақстан тәрізді көп ұлтты мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі-қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл-көп ұлтты елдің халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы. Көп ұлтты Қазақстанда мемлекеттік тіл өз қызметін толькі атқару үшін «Қазақ КСР-інің тіл туралы Заңы» 1989 жылы қабылданды. Одан кейін Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты 1992 жылы және 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Жаңа Конституциясында қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді.

Мемлекеттік тіл Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі. Осыған сәйкес 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы» қабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі» екені жазылған.

Тіл туралы Заңының 9-шы бабында «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» деділінген.

Осы қағидаға сәйкес, орыс тілінде ойлап, жазуға дағыланған мемлекеттік қызметшілер, еш уақытта басын ауыртып, қазақ тілінде құжат дайындауды өмір шындығы. Қазіргі кезде, мәртебелі мекеменің бәрінде аудармашылар бар, саны бар да сапасы жоқ, өйткені аудармашылық сирек дарын, өнердің төресі, екінің бірі жақсы аудармашы бола алмайды. Сондықтан, ресми органдардың аударма құжаттарын, орысша мәтінсіз түсіну тіпті мүмкін емес. Сайып

келгенде кеменгер жазушымыз Габит Мұсірепов айтқандай «Сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік белгісі-Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген екен. Ана тіліміздің өгей ұлдары емес, өзегін жарып шықкан туган ұлдары болайық дегім келеді, құрметті ағайын.

---

<sup>1</sup> Кан Г. В., Шаяхметов Н. У. Қазақстан тарихы. — А., 2009. — 55-58-66.